

**Д.ТӨЛЕНОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ БОЙЫНША
2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНА
АНЫҚТАМА**

Тәрбие жұмысына қатысты қызметкерлердің сапалық құрамы:

р /с	Аты-жөні	Қызметі	Туған жылы, айы, күні	Білімі, қандай оқу орнын бітірген, мамандығы	Санаты	Пед. өтілі	Осы қызметтегі өтілі
1.	Карабалина Жанаргуль Куанышевна	Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	21.12.1986 ж	Жоғары АМУ 20008 ж	Педагог-сарапшы	12	12

Жетістігі:

1. "Үздік ұйымдастырушы" - 2 орын, 2014 жыл;
2. "Сынып жетекшілер бірлестігі" - 1 орын, облыс - 3 орын, 2015 жыл;
3. Аудандық педагогикалық оқу - 1 орын, 2016 жыл;
4. Аудандық, облыстық семинарда шығармашылық шеберлігі үшін «Алғыс хат» - 2014, 2014, 2016, 2018, 2019, 2020, 2021, 2022, 2023 жыл;
5. Ауд. «Үздік ұйымдастырушы – тәрбиеші» - «Бас жүлде» 2018 жыл
6. Аудандық педагогикалық оқу - 1 орын, 2019 жыл;
7. Облыстық педагогикалық оқу - 1 орын, 2019 жыл;
8. Облыстық «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зертеушілерінің облыстық форумына жеңімпаз дайындағаны үшін «Алғыс хат» - 2020 жыл;
9. «Үздік тәрбие менеджері – 2022» аудан, облыс – «Бас жүлде» 2022 жыл;

Марапаты:

1. Аудандық білім бөлімінің "Алғыс хаты" - 2015 жыл;
2. Облыстық Білім беру басқармасының "Құрмет грамотасы"-2016 жыл;
3. Есбол селолық округі әкімінің "Алғыс хаты" - 2018 жыл;
4. Аудандық Аналар кеңесінің "Алғыс хаты" - 2018 жыл;
5. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Атырау облыстық білім беру білім беру басқармасы Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының «Алғыс хаты» - 2021 жыл;
6. «Тәжік - ауған қақтығыстарына қатысушылардың республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының «Алғыс хаты» және «Төсбелгісі» - 2021 жыл.
7. Аудан әкімінің «Алғыс хаты» - 2023 жыл.

Курстар мен семинарлар:

1. «Мектептің тәрбие жүйесінде эстеикалық тәрбие беруді ұйымдастыру мәселелері» - 16.02.2013 жыл, Алматы қаласы;
2. «Мектептегі тәрбие үрдісін тиімді қамтамасыз ету» - 22.11.2013, Атырау қаласы;
3. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының құндылықтарын насихаттау арқылы оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру" - 17-22.04. 2017 жыл, Атырау қаласы;

4. «Үш тлде оқыту жағдайында жалпы орта білім беретін мектепті басқару жүйесі» - 18-29.06.2018 жыл, Алматы қаласы;
5. «Жаңа емле: құрылымы мен мазмұны» республикалық семинар - Астана, 2019 жыл;
6. «Өзін-өзі тану» пәнінің ғылыми – әдістемелік негіздері - 5-12.11.2021 жыл.
7. «Білім беру үдерісіне қатысушылардың академиялық адалдықты сақтау саясаты» -Атырау, 2021 жыл;
«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында тәрбие үдерісін басқарудың заманауи амалдары» Алматы, 25.04-06.05.2022 жыл;
8. «Тұрақты даму жағдайында білім беруді цифрландыру» республикалық семинар, 2022 жыл;
9. «Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету» облыстық семинар, 6-10.11.2023 жыл

Өткізілген аудандық, облыстық, республикалық семинарларға қатысуы:

2017 ж. «Отбасы тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар – отбасының рухани-адамгершілік негізі» облыстық семинары;

2019ж. «Ұлан ғайыр елімді, мен танығым келеді» тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен сынып жетекшілерінің облыстық семинары;

2019ж. «Ұлтыңды ойласаң – рухты ұл тәрбиеле» облыстық семинары;

2019ж. «Отбасы-бақыт мекені» облыстық тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен сынып жетекшілер семинары,

2019ж. «Оқушылардың жазғы тынығу, сауықтыру, және еңбекпен қамту жұмыстарын ұйымдастыруды әдістемелік қамтамасыз ету» аудандық семинары,

2020ж. «Отбасы-болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықтарын сіңіретін тәрбие ошағы» аудандық тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен әкелер мектебі төрағаларының семинары,

2022ж. «Timeout/демалыстағы тәжірибе алаңы» - іскерлік ойын мен тәжірибенің интеграциясы» тақырыбындағы тәрбие ісі орынбасарларының облыстық семинары;

2022ж. «Тәрбиелік орта: үздік тәжірибелер мен даму стратегиясы» тәрбие орынбасарларының облыстық тамыз кеңесі

2023ж. «Әділетті қазақстан: адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт» Түркістан қаласында өткен тәрбие орынбасарларының республикалық тамыз кеңесі

Мектепке қысқаша сипаттама:

Мектеп – кемел руханият пен биік ақиқаттың жоғары зерделенген парасатын, сапалы мәдениеті мен әдебін, ары мен намысын қатар ұстаған зиялы ұрпақты қалыптастыруға жұмыстанатын, жастар арасында адалдық, парасаттылық моделін насихаттайтын орта.

Тамыры тереңге жайылып, іргетасы нық қаланған, тарихы 1938-40 жылдардан бастау алатын Махамбет ауданы төріндегі білім ордасы апатты деп танылып, 2023 жылы қыркүйек айында 600 орындық мектеп пен 300 орындық интернат пайдалануға берілді. Типтік жобадағы мектеп ретінде қазіргі заманғы білім беру талабына сай жаңа материалдық-техникалық базамен жабдықталған аудандағы тірек мектептерінің бірі. Бүгінде мекемеде 660 оқушы, 67 мұғалім, 48 кіші қызметкерлер еңбек етуде.

Шығармашылық пен үнемі ізденіс үстінде жүретін мұғалімдеріміз - Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздіктері, Қазақстан Республикасы Білім министрінің «Құрмет грамотасы», «Алғыс хатымен», Облыстық білім беру басқармасының «Құрмет грамотасымен», облыс әкімінің «Алғыс хаттарымен» марапатталған.

Шәкірт жеңісі – ұстаз мерейі, ұстазынан шәкірті озар демекші, оқушыларымыз да аудандық, облыстық, республикалық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарында, өнер, әскери-спорттық сайыстарда жүлделі орындарды иеленіп жүр. «Білім мен тәрбие егіз» дегендей, шәкірттеріміздің «Шеберлер қалашығы», «Жас тәртіп сақшысы», «Айбын», «Ақ

шағала», «Табиғатты аяла», «Балалар шексіз әлемде», тағы басқа көптеген мәдени-көпшілік, спорттық-патриоттық байқауларда облыста топ жарғанын мақтанышпен айта аламыз.

Білім көкжиегін кеңейтудегі қысқамерзімді жаңа жобалар:

Білім беру ұйымының ғылыми-техникалық әлеуетін жұмыстандыру және оқу процесін дамыту жолында ресурстарды шоғырландыруда- жаңа модификациялық кабинеттер -биология, химия, физика, информатика кабинеттері жұмыс жасаса, ғылым мен техника жетістіктерін білім беру процесіне енгізу мақсатында мектептің даму жоспарына жаңа инновациялық жобалар енгізілді. Атап айтсақ, «Тәуелсіздікке тарту», «ЕСО-МЕКТЕП», «Бес ән, бес өлең», «Табысты үштік», «Мен таңдаған жол», «Поэзия және мен» жобалары өз нәтижелерін берді.

«ЕСО-МЕКТЕП» жобасы. Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясының жоғары сынып оқушыларынан құралған эковолонтерлар командасы «ЕСО-МЕКТЕП» жобасы аясында жұмыс жасап келеді. «ЕСО-МЕКТЕП» жобасының мақсаты: білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, экологиялық сауаттылығын арттыру. Оқушыларды жобаға тарту, бірге жұмыс жасау А.Сәлімжанқызы мен Г.Моташеваға тапсырылды. 2022 оқу жылының наурыз айында басталған жоба жоспар бойынша мамыр айында аяқталды, дегенмен команда жұмысы тоқтаған жоқ.

Мектепте жобаға арнайы бұрыш жасақталды. Жоспар бойынша іске кіріскен оқушылар мектеп ауласындағы құстарды тамақтандыруға арналған астаушаларды ағаш бұтағына орналастыру, қоқыс қалдықтардан тұрмыста кәдеге жарайтын бұйымдар жасау, бөлме гүлдерін, мектеп ауласына жеміс ағаштарын отырғызу секілді бірқатар істерді атқарды. Жұмыстар аяқталғаннан кейін де оқушылардың экоәдеттерін жүйелі жалғастыру жоспарлы түрде жүзеге асуда. Жалпы ортақ үйімізді қорғауды, таза ұстауды әр адам өзінен бастауы керек.

Жоба аясында 10-сынып оқушылары эко-шоппер тіксе, 4-сынып оқушылары экологиялық сауаттылығын жетілдіру мақсатында ғылыми жоба қорғады. «Second hand», яғни ескі киімдерге екінші өмір сыйлау, «ECO Fashion show» атты оқушылар арасында сән қойылымы ұйымдастырылды.

Командада мұғалімдермен бірге оқушылардан құралған 11 эковолонтер бар. Белсенді экожаныштырлар өз жасаған шараларын, жадынама тарату, шараларды ұйымдастыру, экологиялық кеш өткізу, киімдерді «Мейірім» орталығына тапсыру, сенбіліктер жасау, т.б атқарылған іс-шараларын инстаграм әлеуметтік желісінде @eco.mektep__ аккаунтында жоба парақшасында жариялап отырады.

Экологиялық білім мен тәрбиенің өзектілігін ҚР Президенті Қ.Тоқаев 01. 09.2020 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: "қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму қазақстандық күн тәртібінің бірінші жоспарына шығады. Мектептер мен ЖОО-ларда өскелең ұрпақты экологиялық тәрбиелеуде тиісті назар аудару қажет" деп растаған болатын. Ендеше, әр адам табиғатқа, қоршаған ортаға көмегін тигізуі керек, адамзат экологияға немқұрайлы қарамауы керек.

«ЕСО-МЕКТЕП» командасы биылғы оқу жылында «Caravan of Knowledge» білім беру қоғамдастығы ұйымдастырған «NXplorers: Жасыл ұрпақ бәйгесі» ғылыми жобалар байқауына қатысып, өз жобаларын жүзеге асыруға 700 мың теңге грант ұтып алды. Жоба жүзеге асырылса, мектеп жанынан жылыжай салынып, ол оқушыларға оқу зертханасы ретінде қызмет жасайтын болады.

Жоба мақсаты: мектеп жылыжайы көкөніс өсіруге ғана емес, сонымен қатар өсімдіктер физиологиясын зерттейтін зертхана, қорғалған жерде ерте көкөністерді өндіруге арналған оқу шеберханасы ретінде де қызмет ету және мектеп оқушыларын еңбекке баулу мен тәрбиелеу мәселелерін шешуге көмектесу.

Жобаның экологиялық тиімділігі: тамшылап суару жүйесі арқылы көкөніс түсімі 50%-ға артады. Бұл арамшөптердің өсуін, топырақ эрозиясын азайтады. Су шығынын 80%-ға



«Тәуелсіздікке тарту» жобасы. 2021 -2022 оқу жылында Д.Төленов мектеп-гимназиясы ұстаздары арасында "Тәуелсіздікке тарту" жобасы бастау алды. Бұл ауқымды жоба - білім ордасында Тәуелсіздік жылдарында атқарылған жұмыстар, желкенді жетістіктер: ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналады. Мақсаты ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын ұжымда бірлесе атап өту, Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті бүгінгі күнмен байланыстыра насихаттау, ұжым белсенділігін арттыру. Жоба 1 қазан мен 30 қараша аралығында өткізілді. Өткенін ұмытпаған, баһадүрлерін ұлықтаған, ұлан-ғайыр атырапта тойланып жатырған ұлы мерекеде барлық мұғалімдер «Қыран», «Сәйгүлік», «Алтын адам» "Бәйтерек" тобы болып бөлініп, концерттік бағдарламаларын ұсынды. Жоба аудандық «Өнерпаз» мәдениет үйінде галоконцертпен қорытындыланды. Шараға ардагер ұстаздар, аудандық білім бөлімінен әдіскерлер қатынасып, ізгі лебіздерін білдірді. Шара барысында, әуезді ән, мың бұралған би, күмбірлеген күй ойналып, ақ тілектер ақтарылды. Жобаға атсалысқан қатысушы топтарға СЕРТИФИКАТТАР табысталды.







<https://www.facebook.com/100011640660403/posts/pfbid02eEpmTcQGLDpCWjHbXW83gEgYTzMdLuqwCmzwoyTkB2G6kUBU9Rq6NRLkhentyUYnl/?d=w&mibextid=I6gGtw>

<https://www.facebook.com/100011640660403/posts/pfbid0PtRgdLMKa6KowgibTURscT8Ni1jo2TKjvwVtNfgCzvMJdw16jqw38UiZPpnUUjawl/?d=w&mibextid=I6gGtw>

<https://www.facebook.com/100011640660403/posts/pfbid0284QRsFWYRaznDz4YdF1YKUsdKRZCGn3KUq2T2L3tyYRmPhaYENuyX5ryUSa4Gpbsl/?d=w&mibextid=I6gGtw>

<https://www.facebook.com/100011640660403/posts/pfbid02xPcM8ZgmeydbwtGCA8W1uzWh8SU8tgWUHvmjc4g4du5YFvRfULJ3GRLKvfhYeSxl/?d=w&mibextid=I6gGtw>

«Әдіс time» жобасы. Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясында жоба жетекшісі – тарих пәнінің мұғалімі, 5 А сынып жетекшісі С.Алмаганованың ұйымдастыруымен 2022-2023 оқу жылының қараша – наурыз айларында «Әдіс time» жобасы іске асты. Жобаның мақсаты әлемдік трендтегі әдістерді оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы мектептің білім сапасын жақсарту. Алдымен жобаны жүзеге асырушы 9 адамнан тұратын жұмыс тобы құрылып, жоспар жасақталды. Жобаның логотипі мен инстаграм парақшасы ашылды. Жоспар бойынша жобаға қатысушы педагогтерге әлемдік трендтерді үйрету мақсатында жоба жетекшілері С.Алмаганова, идеялар генераторы Ғ.Ожаева және ресурстарды зерттеуші Л.Бекетова отырыстар, конференциялар, талқылаулар өткізді. Ақпан айында «Геймификация әдісін ата-анамен жұмыста және сыныптас тыс шараларда қолдану» тақырыбында шеберлік сыныптары өткізілді. Педагогтер үйренген әдіс-тәсілдерін іс-тәжірибеде, ашық сабақтар мен сынып сағаттарында қолданды. Команда мүшелерінің кезекті кездесуі бастауыш сынып мұғалімдеріне Google forms платформасын таныстырып, жұмыс жасауға, сабақта қолдануды үйретуге бағытталды. Сонымен бірге жоба жетекшісі С.Алмаганова педкеңесте жоба бойынша атқарылған жұмыстарға есеп беріп, мастер-класс өткізді. Негізгі күтілетін нәтижеге қол жеткізілді. Жобаны іске асыруда мұғалімдер жаңа трендтегі оқыту әдістерін және жаңа инновациялық платформалармен жұмыс жасауды үйреніп, сабақтарда, тәрбие сағаттарында қолданып, ашық сабақтар берді. Кәсіби озат тәжірибелерін тарату мақсатында жоба жетекшісі С.Алмаганова, мүшелері Ғ.Ожаева мен А.Сәлімжанқызы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ ұйымдастыруымен өткен «Пәндік білімдерді меңгертудегі жаңаша әдіс тәсілдер» облыстық эстафетасына қатысып, Алғыс хаттармен марапатталды. Атқарылған шаралар әлеуметтік желіге (@adis_time_, #adistime хэштегі) жарияланып отырды.

<https://www.instagram.com/p/Cnm73h4tf43/?igsh=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/reel/Cnm9FzRJCWi/?igsh=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/p/Cnm-i-WNzid/?igsh=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/p/CnnESR9NWC6/?igsh=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/p/CpmtPvZoOG/?igsh=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/p/CpmtTgooKsG/?igsh=MzRIODBiNWFIZA==>



«Бес ән, бес жыр» жобасы. Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Сондықтан балаларымыз ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтарды бойына сіңіруі үшін «Рухани жаңғыру» бағдарламасын тәрбие жұмысының негізгі бағыты ретінде алдық. Мектебімізде 2023 жылы жас жеткіншектердің бойына эстетикалық тәрбиені сіңіру, оқушыларды халқымыздың ұлы ақындарының, композиторларының шығармашылығымен

таныстыра отырып, өнерге, шығармашылыққа баулу мақсатында «Бес ән, бес өлең» атты арнайы жоба енгізілген болатын. Арнайы жұмысшы тобы құрылып, жауапты мамандар бекітілді. 2023 жылдың қаңтар-мамыр айларын қамтыған жоба бес бөлімнен тұрды: 1. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының әндері мен өлеңдері; 2. Құстар тақырыбындағы әндер; 3. Қазақ композиторларының туған жерге арналған әндері; 4. Ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне жазылған әндер; 5. Композитор Шәмші Қалдаяқовтың әндері. Жас ақындар шығармашылығы.

Нәтижесінде оқушылар композиторлар өмірімен, шығармашылығымен танысты, көптеген әндер үйренді, шығармашылықпен айналысатын өнерлі оқушылар анықталады, балалар ақындар өлеңдерімен танысып, жаттады, сахна мәдениетін үйренді, аудандық, облыстық байқауларға дайындалды. Әндер жинағы, бейнероликтер жасалды.

Жыл соңында жоба жұмысы қорытындыланып қатысқан оқушылар, ұстаздар марапатталады. Жоба жұмысы баспасөзге, интернетке жарияланады.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02Mt1D3RRhcuD3JseHfzvTSpXEEJ44Ce2Fh9kSRhjmNVbTRExxQiCWMPo1qsR6vW2l&id=100011865662976&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02L6N4m6BabTY5UH8e4vxJ1xLNwGcDufKNjKhS3YgzyHgg7jzDSEacPdjtwXWLznqdl&id=100011865662976&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0kPHVEAZJmJPvKs4LAufKSnmvm5wx1L8TZD3rzDycKzMjzNQJlJXPgrZ3raCmqRYl&id=100011865662976&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f

«Поэзия және Мен» жобасы. Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясының жоғары сынып оқушыларынан құралған «Поэзия және Мен» жобасы 2022-2023 оқу жылы жұмыс жасады. «Поэзия және Мен» жобасының мақсаты: білім алушыларды қазақ ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқуға дағдыландыру, білім алушыларға поэзияны оқыту, сол оқыған шығармасындағы тілдік-көркемдік ерекшеліктерді таба білуге үйрету, білім алушылардың өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істей білуге үйрету. Оқушыларды жобаға тарту, бірге жұмыс жасау А.Кисина мен Г.Моташоваға тапсырылды. 2022-2023 оқу жылының қараша айында басталған жоба жоспар бойынша мамыр айында аяқталды.

Мектепте жобаға арнайы команда жасақталды. Жоба жетекшілері команда мүшелеріне ең алдымен қазіргі заман талабына айналған TEDx форматын таныстырып, жоба жұмыстарын сол формат бойынша жүзеге асыру туралы айтып өтке болатын. Жоспар бойынша іске кіріскен оқушылар ақындардың өлеңдерін оқып, олардың шығармаларын талдап, ақындардың туындыларын мәнерлеп оқи отырып видео түсіріп, әлеуметтік желіге салу секілді бірқатар істерді атқарды. Жұмыстар аяқталғаннан кейін де оқушылардың поэзияға деген қызығушылықтары артып, әртүрлі шараларға қатысып белсенділікпен көзге түсті.

Жоба аясында Исатаев Асылтек желтоқсан оқиғасына байланысты өлең шумақтарын оқып видеоролик түсірсе, команда мүшесі Әділбек Қарақат өзінің жүрекжарды туындыларын шығарды. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы мен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін оқып, өмір жолдарындағы тың деректермен танысып, шығармаларындағы негізгі ойды талқылап оқушылар арасында керемет отырыс ұйымдастырылды.

«Поэзия және Мен» командасы мүшелері 2022-2023 оқу жылында шығармашылық, актерлік қырларынан көріне білді. Әр түрлі поэзиялық шараларға қатысқанымен қатар, білім ордамызда Халықаралық әйелдер күніне арнап нәзік жандыларды мерекелерімен құттықтап концерттік бағдарламасын ұйымдастырды. Концерт барысында команда мүшелері поэзия мен музыкаға деген қызығушылықтары мен актерлік шеберлік қасиеттерін көрсетіп, оқушыларымызды жаңа қырларынан таныдық.



<https://www.facebook.com/100030229727639/posts/pfbid02dB1UBVPDqR6ZVW8brsVD5AYwyNpeTs oLksT43XpVVw6tgcV43UKq16EmjWpsr4tul/?d=w&mibextid=qC1gEa>

<https://www.facebook.com/100030229727639/posts/pfbid0kwcP6vKVimYZvMGnpJzqc97nqNvrQBgU Rb2w9FFnxyXP26ASZaNFeffNJasQUTGZI/?d=w&mibextid=qC1gEa>

«Мен таңдаған жол» жобасы. Дәл қазіргі уақыт түлектер үшін маңызды да, жауапты сәт. Мектеп табалдырығынан үлкен өмірге қадам басқалы отырған әрбір білім алушыны «Жоғарғы оқу орнын қалай таңдаймын?», «Жоғарғы білімді қай оқу орнынан аламын?» «Онда мен таңдаған мамандық бар ма?» деген сияқты сауалдар мазалары айқын. Алда үлкен таңдау бар...

2022-2023 оқу жылы 11 сынып жетекшілері А.Тоқтарбеков пен Ж.Жайлашеваның жетекшілігімен жүргізілген «Мен таңдаған жол» - жобасының мақсаты түлектердің жарқын болашағы үшін өз бетінше дұрыс шешім қабылдап, барар бағытын дұрыс таңдай білуге көмектесу, 11 сынып оқушыларын өңірімізде орналасқан оқу орындарымен таныстыру, жоғарғы оқу орнына түсудің мүмкіндіктері мен жеңілдіктері, жақсы жақтары мен оңтайлы тұстарын дұрыс таңдауға бағыт бағдар беру, еңбек адамдарының жұмысымен таныстыра отырып, әрбір мамандықтың қызығы мен қиыншылығын көрсету болды.





«Тарихи тұлғалар тағылымы» жобасы. Атырау облысы Білім беру басқармасының 2022 жыл 14 қаңтардағы №95 хаты бойынша, Махамбет аудандық білім бөлімінің 2022 жыл 20 қаңтардағы №10-04-01-06-03/59 санды қатынас қағазына сәйкес облыс көлемінде «Тарихи тұлғалар тағылымы» жобасы жүргізілді. Мақсаты: Еліміздің, туған жердің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуына үлес қосқан тұлғалардың өмір өнегесін, мол мұраларының маңыздылығын насихаттау. Үш кезеңнен құралған жоба 2022 жылдың қаңтар айы мен 2022 жылдың желтоқсан айлары аралығында өтті. Мектеп ұжымынан жауапты топ құрамы бекітіліп, жұмыс жоспарына сәйкес, ұйымдастыру және негізгі кезеңдерге сәйкес, бірқатар іс-шаралар атқарылды.

Жобаның «Ұлт тарихы» бөлімі бойынша «Алтын адам» мүсіндер шеруі, «Театр фарсы» кезеңі. «Тарих жаңғырығы» театрландырылған қойылымдар байқауы, «Ұлы даланың ұлттық бренді» байқаулар жарыстар, сайыстар, дәрістер, сынып сағаттары, дебат, бейнеблог түсіру т.б трендтегі шаралар, «Атадан жеткен күй күмбір» (Құрманғазы күйлерінен попурри), «Қаражорға» қазақтың ұлттық биі, «Атқа міну-асыл өнер» (Атқа міну мәдениетімен таныстыру), «Ұлы хандар» презентациялар шеруі (9-10 сыныптар), Табиғи талант, дарын иелері. (Әнші-сазгер. Ақындар шығармашылығынан бейнеблогтар шеруі. 7-8 сыныптар), «Жылқы - қазақтың ұлттық бренді» дебат ойыны, «Түлектер тартуы» түрлі форматта шаралар ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерге жарияланды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Ng3mfXrxnNmpbxpvGF5wapCqa3BjGUjhWcTLkbuyg5hJsjp3PM3p2ueLJTgqqkesl&id=100011640660403&sfnsn=mo&mibextid=Uf0jNW

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02p3SEA69T7UWfUohae69ENvEAhxYdvZV BZCm9tXmqh1kxTFwWzfu68Xk6kYNSuPSWl&id=100011640660403&sfnsn=mo&mibextid=Uf0jNW



<https://www.facebook.com/100014938632606/posts/pfbid02ejHNEvsFEfjTuUFLMfntDYmwZa MvxUxxQuU7vhJUVJM89bizwgfBFfjUpi8Ku4ml/?sfnsn=mo&mibextid=Uf0jNW>

<https://www.facebook.com/100014938632606/posts/pfbid02oRiyR3zFNmGuoVeiZfdxvpE84hgipv JnFiJuyTsfAFHG9X1BFTpgAvrdEycbNVWl/?sfnsn=mo&mibextid=Uf0jNW>

<https://www.facebook.com/100014938632606/posts/pfbid033L8c3Yx6TRgkUCu7ntGejfvjiXmjV7 zy2hBxwphV6exWXfS3dNBVDzD2ZBnyQpFyl/?sfnsn=mo&mibextid=Uf0jNW>

<https://www.facebook.com/100014938632606/posts/pfbid02Ttn9dp1NJxy6SuiM5Tko8ypz5N3J3f mPCjbWSG2nxFmfeZfvZs7u6DNaDA4QcpFPI/?sfnsn=mo&mibextid=Uf0jNW>

<https://www.facebook.com/100014938632606/posts/pfbid0WcNSVUzKNprJtNXf8cJqzs43c1NfWt GtPTGxVXuLcQ3JrDRkK76rMUqSifhofsgl/?sfnsn=mo&mibextid=Uf0jNW>

«Оқуға құштар мектеп" жобасы.

Ғылым мен техника дамыған заманда ХХІ ғасыр балаларының рухани құндылықтарының орнын смартфондар мен гаджеттер, компьютерлер мен түрлі интернет ойындар алмастырғаны жасырын емес. Осы тұста мектеп кітапханасының да рөлі мен қажеттілігі төмендеген анық. Ал кітап - алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. 2021 жылдан бастап кітапхана жұмысына бойынша енгізілген «Оқуға құштар мектеп» жобасы оқушылардың кітапқа деген қызуғушылығын артырып, барлық оқырмандарға кітапхана есігін айқара ашқан болатын.


«Оқуға құштар мектеп" жобасы оқушылардың, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдіруге, оқу мәдениетінің деңгейін арттыруға және оқуды насихаттауға бағытталған. Жоба аясында отбасылық оқудың жарқын дәстүрлерін жаңғырту, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, кітапхана қорын көркем әдебиетпен толықтыру, мектеп кітапханаларының материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында біраз ауқымды іс шаралдар өткізілді.

Бүгінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» жобасымен, «Бес минуттық кітап оқу», «Отбасыммен бірге оқимыз» акцияларымен жалғасып келеді.

<https://www.facebook.com/share/p/NUcTm5BjE1NSLFn6/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/100014938632606/posts/pfbid02UYPHcDvhYvGy28h4kLfxZA7PQ8dyNaeVUJrvjvZwSRnH5VidoL9GSsrKWkXU2Tb5l/?d=w&mibextid=0cALme>

<https://www.facebook.com/100014938632606/posts/pfbid0ozk8nB7D4Fa1zeQ61BP8YNCCmTSG6RwzMQojPUzkmY5nTVe8MVCEfM7gnfYBqQSfl/?d=w&mibextid=0cALme>



Мектеп ұжымы, осындай жұмыстарды мүмкіндігінше, мектептің материалдық базасына сай атқарып келеміз.

Тәрбие жұмысы:

Д.Төленов атындағы орта мектебі бойынша өткен 2021 – 2022, 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты оқушыға берілетін білім, білік, дағдылар арқылы өз бетінше дұрыс шешім қабылдай алатын, ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты, бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру және дамыту, оқушыларды патриотизмге, азаматтық, толеранттылық және көшбасшылық қасиеттерге тәрбиелеу болды. Осы мақсатты жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы **«Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін»** білім беру ұйымының тәрбие үрдісінде басшылыққа ала отырып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі аспектілерін түсіндіру бойынша жұмыстарды жалғастыру, оның маңыздылығын сабақтан тыс жұмыстарда жандандыру, «Туған жер» жобасы аясында балалар мен жасөспірімдер туризмінің рөлін арттыру, қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың көшбасшылық және басқарушылық қасиеттерін қалыптастыру, өскелең ұрпақты үштілділікке баулу, мектеп жүйесінде үш тұғырлы тілді дамыту және үштілділікті енгізу жағдайында тәрбие процесінде тәрбиелік шараларды, интеллектуалдық сайыстарды үш тілде ұйымдастыру, тілдік диктанттар, шығармалар байқауын өткізу, тілдік лагерлердің жұмысын жандандыру, техникалық құралдарды, видеофильмдерді, электронды оқулықты пайдалану, білім беру ұйымдары, отбасы және басқа әлеуметтік институттардың күшін біріктіру, сынып жетекшілердің біліктілікті арттыру курстарына қатысуын қамтамасыз ету, сынып жетекшілердің жұмысының нәтижелілігін және сапасын бағалау мақсатында мониторинг және диагностика жүргізу секілді міндеттер жүзеге асырылып келеді.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда мектеп әкімшілігі, педагогтары мен сынып жетекшілер тәрбие жұмыстарын жетілдіру, бақылау, басқаруды іске асыру барысында білім алушыларға жағдай жасап, яғни өзін-өзі басқаруын, шығармашылығын дамытуын, олардың қабілеттілігін іске асыруын, қоғам өміріне бейімделуін, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыруын, 1-11 сыныптардың және мектеп алды сыныптардың бос уақытын мазмұнды өткізуін ұйымдастырады. Сонымен қатар жылдық жоспарға сай тәрбие бағыттары бойынша іс-шаралар, оқушылармен және олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық жұмысын бақылау, оқушыларды өзінің Отаны – Қазақстан Республикасын сүйуге, адамгершілікке, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға тәрбиелеу, мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктер және ата-аналармен бірлескен жұмыстарды үйлестіру, мемлекеттік органдар қызметкерлерімен кездесулер, дөңгелек үстел, семинар-кеңестер ұйымдастыру, БАҚ-да мақалалар жариялау бағытында жұмыстар атқарылып, сынып жетекшілердің, психологтың, тәлімгер мен әлеуметтік педагогтың, медбикенің жұмыстарына, мектептегі сыныптан тыс жұмыстардың орындалуына, басшылық пен бақылау жасалды. «Жас қыран», «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымдары жұмысына, сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігіне және үйірме жетекшілеріне, тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік көмек берілді.

2023-2024 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі 2019 жылғы «30» шілдедегі №145 бұйрығы күшін жоюына байланысты мектептің оқу-тәрбие үдерісіне Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығына сәйкес **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** енгізілді. Оқу жылы басында бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен кешінді жоспар негізінде, тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Жоспарға сай, сонымен қатар аудандық, облыстық білім беру мекемелерінің қатынас қағазына сай іс-шаралар, тәрбиелік шаралар, атаулы даталарға, маңызды тақырыптарға байланысты апталықтар, онкүндіктер өткізіліп келеді. Оқушылар жартыжылдық ішінде ішінде өнер-танымдық, спорттық, әскери-патриоттық бағыттағы түрлі байқауларға қатынасып, жүлделі орындарға ие болды. Бұл бірінші кезекте сынып жетекшілердің іскерлігі

мен шығармашылық қабілетінің жемісі деуге болады. Әр сынып жетекшісі – ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болу керек.

2023-2024 оқу жылында Д.Төленов атындағы орта мектебінде 29 сынып жетекшісі, 2 мектеп алды даярлық тобының жетекшісі «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» 3 құндылығы бойынша жоспарлы жұмыс жасайды, сынып сағаттарын өткізеді. Жаңадан тағайындалған сынып жетекшілерге әдістемелік көмек көрсетілді.

Мектепшілік түрлі сайыстарға, кездесулер мен тәрбиелік шараларға, «Алтын күз», «Жаңа жыл» думанды кештерінде, даталы күндерде өтетін: Республика күніне «Жасай бер, қыран елім, Қазақстаным!» 16, 96 сынып, Тәуелсіздік мерекесіне «Тәуелсіздік - аңсап күткен елдігіміз» /салтанатты жиындары / 1А, 9А сынып, Тілдер мерекесіне «Ана тілім – ардақ тұтар алтыным», Ұстаздар күніне орай ұйымдастырылған «Ұстаз - мектептің жүрегі» /концерттік бағдарламасы/11 аб сынып, «Өмір жолы өнеге» /ардагер ұстаз Лиза Бақтыбайқызымен кездесу кеші/ шараларда сыныптардың ұйымшылдықпен, жақсы дайындықпен қатынасуы сынып жетекшілер мен оқушылардың шығармашылық ізденісінің, еңбегінің нәтижесі.

Осы орайда тәрбие жоспарына сәйкес, тәрбиелік шараларды уақытымен өткізіп, үнемі ізденіс үстінде жүретін сынып жетекшілер Ерғалиева Арайлым, Нармағамбетова Гүлрайхан, Талғатқызы Айсәуле, аманғалиева Нұргүл, Моташева Гүлім, Кисина Айгерім, Алмағанова Саягүл, Хисметуллина Эльмира, Сәлімжанқызы Ақтолқынды атап өтуге болады.

Биылғы тәрбие жұмысында ұлттық құндылықтарға, соның ішінде ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарына көбірек басымдық берілді. Бұны биылғы оқу жылындағы көптеген атаулы мерекелермен, зиялылардың мерейтойымен байланыстыруға болады. Сонымен қатар «Оқуға құштар мектеп», «9 айға – 9 іс-шара», «Төрт тоқсан – төрт өнер», «Ұшқыр ой» дебат клубы, «Өзін-өзі басқару» жобалары аясында іс-шаралар жүйелі жүргізілуде. «Өзін-өзі басқару» мектеп парламенті жұмысы аясында оқушылардың өзін-өзі басқаруына, шығармашылықпен, ғылыми және әлеуметтік жоба жұмыстарымен айналысуына, өз бастамаларын ұсынуға, өздерінің бойындағы қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік берілді. Осы ретте аудандық, облыстық байқаулар мен жоба сайыстарында, мектепшілік қоғамдық жұмыстарында түрлі бағыт бойынша белсенділік танытып, көзге түсіп жүрген Меңдібай Айболат, Аруев Бекарыс, Исатаев Асылтек, Камашева Аида, Жаролла Әбілмансур, Тахир Тахмира, Қабылжан Іңкар, Қайратқызы Ақмоншақ, Нұрислам, Еркеғали, Назерке, Илиф сынды т.б көптеген оқушыларды мақтанышпен атап өтуге болады.

Жетістіктермен қатар бірнеше кемшіліктерді де атап өтуге болады. Олар: сынып жетекшілердің өзінің міндеттерін толықтай атқармауы, еңбек уақытын сақтамауы, сабақтан қалатын, кешітегін оқушылармен, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізбеуі, сыныптың әлеуметтік жағдайының толық зерделенбеуі, тәрбие жұмыстарының, сынып сағаттарының уақытылы өткізілмеуі, кейбір сынып жетекшілердің тәрбиелік шараларында жаңа технологиялардың, тиімді әдіс – тәсілдерді қолданбауы және сынып жетекшілердің құжаттарының жүйелі жинақталмауын атап өтуге болады.

Барлық өткізілген шараларды мектептің Фейсбук парақшасынан көре аласыздар.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100011640660403&mibextid=ZbWKwL>

Ата-аналармен жұмыс:

Әр мектептің ата-аналар кеңесі мектеп өміріне, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына белсенді қатысып, кәметке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алуға, оқушылардың демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыруға, бос уақыттарын тиімді пайдалануға, мазмұнды өткізуге ұйытқы болып келеді.

Жаңа оқу жылының басында мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып Ата-аналар кеңесінің жоспары жасақталып, бекітілді.

Мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында аудандық білім бөлімінің 2023 жылдың 26 қыркүйектегі №1361 санды хаты негізінде «Ата – аналарды қолдау орталығы» ашылды.

2023-2024 оқу жылында 2 рет жалпы ата-аналар жиналысы және 2 рет сыныптарда өткізіліп, ата-аналар мектепте өткізілген іс-шараларға белсенді қатынасты. Жыл ішінде ата-аналар түрлі шаралардың, атаулы мерекелер ұстаздар күні, тәуелсіздік күні, күзгі балл, жаңа жыл мерекелерінің жоғары деңгейде өтуі үшін балаларын киіммен, керек жарақтармен қамтамасыз етіп, сынып жетекшілерге қолдау көрсетіп отырды. Оқушылар арасында келеңсіз жағдайлар, тәртіп бұзушылықтар болған жағдайда ата-аналар мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, жағдайдың бейбіт жолмен шешуге ат салысып келеді.

Оқу жылының басында 1-сынып оқушыларының ата-аналарына педагогикалық-психологиялық көмек көрсету мақсатында мектеп психологтары А.Салихова мен А.Наурызова «Баланы мектепте оқытуға бейімдеу ерекшеліктері» жұмыстар жүргізіп, мектепке дайындық кезеңі және оқудың алғашқы айлары – бұл оқушыларға қиын кезең екендігін, оларға көңіл аударудың маңызын, ересектерге өз баласын қолдау үшін бар күш-жігерін жұмсауға тырысу қажет екендігін ескертті.

6-қыркүйекте басталған отбасы апталығы аясында бастауыш сыныптарда "Ата - ананы құрметтеу ұрпақ парызы", "Ұлттық құндылықтар - ұрпақ сабақтастығы" тақырыбында тәрбие, "Ата - анаң - асыл қазына" және "Отбасы - бақыт мекені" атты құндылықтар сағаты, өнеге сағаттары өткізілді.

Қараша айында «Әкелер академиясы» жобасы аясында мектептің әкелерімен және 7-11 сынып ұлдарымен «Биік шыңым, асқар тауым» атты әкелер семинары өткізілді.



<https://www.facebook.com/share/v/1AXDXAnHbEg96kQp/?mibextid=oFDknk>

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02KDsngat3tBLXpSKt6QhaLBwXr66UJmSnVbgEyQiW2njkw3oETwkk3mRzxH8Fdujrl&id=100065516660121&mibextid=Nif5oz



Ата-аналармен жұмыс және отбасылық тәрбие беру бойынша атқарылған жұмыстарды әлеуметтік желілерде жарияланды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid031LhxsdGFj4BEnmiBAhFGMAz7RgXCfVwTY2WhZKVBDzNSgrXQafPRqhnX4BMrGJPl&id=100011640660403&mibextid=Nif5oz

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02Q38JfojmivzKKRsG3DQDLJtB1pL99GppM5rFjCSEqWByYJapHtMcGYn5XK4FALBY1&id=100011640660403&mibextid=Nif5oz

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=222856297259103&id=100011640660403&mibextid=Nif5oz

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=2277446049105866&id=100011640660403&mibextid=Nif5oz

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02HDfYnba8RvKsy3PYKcHakrKdovy2QKmeLP7RToggyKcFcofx1biNCVRHVsf8bNHF1&id=100011640660403&mibextid=Nif5oz

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02ZVnb8fFnBk5vsGnb7dFQxxhSBbCPSyGFCQA2aD1pgRQLWnNVEujrRL6RHsvPmXoZl&id=100011640660403&mibextid=Nif5oz

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02jZWpDvKAKVzLd8A5aX9CAGKhCP9gzk47rmNdGipdLJxoM4cmaBfHukDEKBhN7w3l&id=100011640660403&mibextid=Nif5oz

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0FXGWMDTMQ789jaWTbFWtxbe4eULUJdNEwYmCvZ1E59eVmdQ3Qfs45xHykSvSspCUI&id=100011640660403&mibextid=Nif5oz

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid035Qb8z3DjLQL11SPVHoHvjh2oanEKTYeAPQT99XwM7HYP8nAK2VsgRUF9ykUCbh3MI&id=100011640660403&mibextid=Nif5oz

Қыздар жұмысы:

Д.Төленов атындағы орта мектебі бойынша «Қызғалдақ» қыздар клубы жұмыс жасайды. Жетекшісі 6 б- сынып жетекшісі Кисина Айгерім. Биылғы оқу жылында клубта 7-11 сыныптың қыз оқушылары бар. Жыл басынан бері 3 рет қыздар отырысы өткізілді.

4-7 наурыз аралығында «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбымен апталық өту жоспарлануда. Іс-шаралар жоспарына сай тәрбиелік шаралар, қыздар мен жеңгелер сайысы, «Көктем аруы – 2024» байқаулары өткізілетін болады.

Мектеп бойынша ерте жастан жүкті болу, тұрмысқа шығу фактілері орын алмады.



Ұлдар жұмысы:

2023-2024 оқу жылында да «Қайсар» ұлдар клубы жұмыс жасайды. Клубқа алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі С.Темірғалиев жетекшілік етеді. Ұлдар кеңесінің құрамында 7-11 сыныптың ұл оқушылары бар.

Клубтың жылдық жоспарына сай 3 рет отырыс өткізілді. Әкелер семинарында ұлдар клубының мүшелері әкелерді қарсы алып, барлық ұйымдастыру шараларына белсене атсалысты. Оқушылар әскери оқу-жаттығу барысынан көріністер көрсетті, спорттық ойындар ұйымдастырды.

16 желтоқсан - Тәуелсіздік мерекесіне орай жетекшісінің ұйымдастыруымен 9 аб сынып оқушылары арасында «Мерген – 2023» сайысы өткізілді.

Оқушылар арасында аудандық ішкі істер бөлімінің есебінде тұрған оқушылар жоқ.



Үйірме жұмыстары:

Мектеп бойынша оқушылардың қызығушылығына қарай және 4 спорттық секция жұмыс жасайды. Олар: волейбол, баскетбол, футбол, үстел теннисі. Және де оқушылар аудандық балалар мен жасөспірімдер мектебі жанынан баскетбол, волейбол, тоғызқұмалақ секцияларына, аудандық З.Ещанова атындағы өнер мектебі жанынан домбыра, шертер, сырнай үйірмелеріне, солфеджио, ансамбль сабақтарына қатысады.

Сонымен қатар аудан орталығындағы қосымша білім беру мекемелеріне вокал, фортопиано, би, сурет, актерлік шеберлік, дебат, бокс, футбол, дзюдо, каратэ секцияларына барады.

Барлығы үйірмелермен 329 оқушы қамтылған.

Дебат клубының жұмысы.

Мектебімізде «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Зияткер» дебат клубы жұмыс жасайды.

Мақсаты: - дебаттық турнирлер мен ойындар арқылы білім алушыларды интеллектуалдық және тұлғалық дамыту.

Міндеті: - клуб мүшелерінің сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту, қоғамның әлеуметтік-саяси бағдарланған азаматтарын қалыптастыру;

- дін, өнер, экономика, қоғам өмірі және т.б. тұрғысынан қазіргі әлемнің түрлі мәселелерін қарастыру арқылы шешендік өнердегі қабілеттерін іске асыру;

- мектептің, өңірдің, елдің ең өзекті мәселелеріне қоғамның назарын аударту;

- талқыланатын мәселелер бойынша іс жүзінде іске асырылуы мүмкін ықтимал ымыралы шешімдерді шығару, клуб мүшелерінің көзқарасын қорғауға, басқаларды сендіруге және олардың қателіктерін мойындау білігін дағдыландыру;

«Ұшқыр ой» дебат клубының жетекшісі қазақ тілі пәні мұғалімі Сайфуллина Нұрлыайым, 2023-2024 оқу жылынан бастап қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жұмаханова Жанаргүл. Клубта 7-11 сыныптан 15 оқушы бар.

Қыркүйек айында клуб мүшелерімен отырыс өткізіліп, жаңа құрам мен жылдық жоспар бекітілді. Оқу жылында атқарылатын жұмыстар нақтыланды. «Американдық

парламенттік формат» пікірсайыс турнирі туралы түсінік жұмыстары жүргізілді. Дебат турнирі жоспарға сай өткізілуде.



<https://www.facebook.com/share/p/hvZzmpejfVZ7buqz/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/ZbxbVvaYPQJ3vbKr/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/woDWsKh1NfBDStDU/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/QDmvhPGyV7mxiStD/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/hfh4RsawY15GV5EP/?mibextid=oFDknk>

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02hBawDBV66sgpFbe1tytcr1oSEn5FDTts9YrgdQPyyPNL8zDGWN3AHis818oryGUNI&id=100014938632606&sfnsn=mo&mibextid=Uf0jNW

<https://www.facebook.com/100014938632606/posts/pfbid031Reaw9T2q7PnZmYxGnxSFkjU1HYEeJZNNMHcBnt2tWFpLzkJXUQfHL4sYB4AQ9KSI/?d=w&mibextid=0cALme>

Д.Төленов атындағы орта мектебі бойынша қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету туралы.

1. Атырау облысы Білім беру басқармасының 2015 жылғы 10 тамыздағы №230 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қауіпсіздік ортаны қамтамасыз ету туралы Ережесін» орындау мақсатында жылдық іс-шара жоспары жасақталған. Кезекші және күзетші қызметкерлердің кезекшілік кестесі шығарылып, бөгде адамдарды тіркеу журналы ашылған. Мектеп турникетпен қамтылмаған.

Білім беру ұйымында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, террорлық іс –әрекеттердің алдын алу және бөгде адамдардың мектеп территориясына енуін болдырмау мақсатында мектепте 40 видеокамера (іште – 28, сыртта – 10, ЦОУ - 2), интернатта 27 (іште – 16, сыртта – 11) орнатылған. Бейнекамералар жүйесінің күнделікті жұмыс жасап тұруына жауапты маман тағайындалған. Мектептегі оқушылар мен қызметкерлердің қозғалысын жауапты вахтер мен күзетші тәулік бойы монитордан бақылап отырады. Келеңсіздіктер мен күдікті жағдайлар байқалған немесе орын алған жағдайда мектеп әкімшілігі мен жауапты тұлғаларға шұғыл түрде хабарланады.

2. Мектеп ішкі әжетханамен(ұлдар, қыздар) қамтылған, жыл бойы жұмыс жасайды. Мектеп ғимаратынан тыс әжетханалар жоқ.



3. Мектептегі оқушылар, мұғалімдер, техникалық қызметкерлері арасында өрт кезіндегі қауіпсіздік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

4. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қадағалаусыздықтың, панасыз қалудың алдын алу және мектеп оқушылары мен жасөспірімдердің кешкі қозғалысын бақылау мақсатында мектеп директорының 25.09.2023 ж №130 бұйрығымен мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі профилактикалық кеңес құрылған. Кеңес 5 адамнан тұрады. Ішкі есепте тұрған оқушы жоқ.

5. Аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің 2013 жылғы 14 наурыздағы №06-01-3/343 қатынас хатын басшылыққа ала отырып, мектеп бойынша балалардың құқықтарын өз дәрежесінде қорғау және ішкі жұмыстардың жүйелі жүргізілуі үшін түскен ұсыныс-пікірлерді зерделеу мақсатында «Сенім жәшігі» барлық жастағы балаларға қолжетімді жерде орнатылған. «Сенім жәшігінің» ережесін басшылыққа алып, ішкі жұмыстарды үлестіру үшін комиссия құрылған.

6. 2023-2024 оқу жылының басында мектеп әкімшілігі және 1-11 сыныптың 660 оқушысының ата-анасымен №93 бұйрыққа сәйкес келісімшарт жасалды.

Оқушылардың сауықтырылуы мен жазғы демалысын ұйымдастыру:

2022-2023 оқу жылында Д.Төленов атындағы орта мектебі бойынша жаз мезгілінде оқушылардың сауықтырылуы мен жазғы демалысын қамтамасыз ету мақсатында іс-шаралар жоспары жасақталып, Атырау облысы Білім беру басқармасының 2023 жылдың 26 мамырындағы №226 бұйрығына және аудандық білім бөлімінің 2023 жылдың 30 мамырдағы 143 бұйрығына сәйкес, 5-маусымнан бастап 1-10 сынып оқушыларын мектепшілік бейіндік, сауықтыру, қала сыртындағы және облыстан тыс лагерлермен қамту, көгалдандыру жұмыстарына тарту жүзеге асырылды.

Өткен жылы мектепшілік бейіндік лагерьге 5-9 маусым аралығында 248 бала, оның ішінде тілдік бағытта 65, бейіндік бағытта - 50 , IT бағытқа – 40, дебатқа – 40, көгалдандыру жұмыстарына 23, «Жас Ұлан» көшбасшылар мектебіне - 30 бала бала қамтылды.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын, түрлі санатын ескере отырып, ата-аналардың өтініші бойынша жекелеген оқушылар Сарытоғай селосындағы «Арай» демалыс лагеріне, Ақтау қаласындағы «Айналайын» демалыс лагеріне барып, демалып қайтты.

Лагердегі қызықты күндердің көрінісі Фейсбук әлеуметтік желісіндегі мектептің парақшасына салынды.

Оқушылардың жаз кезіндегі өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатындағы су, өрт, өмір қауіпсіздігі туралы бейнероликтер мен жадынамалар орналастырылды.

Тексеру кезіндегі жетістіктер мен кемшіліктер ескеріле келіп, төмендегі ұсыныстарды енгіземін:

1. Кәсіптік бағдарлау, үйірмелер мен сексиялар жұмысын жандандыру, сапасын арттыру, уақытылы өткізілуін бақылап отыру;
2. Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру. Асханадағы тамақ сапасы мен алуан түрлілігін қамтамасыз ету, яғни тоқсан сайын ас мәзірін жаңартып отыру;
3. Мектептегі психологтың жұмысының сапасы мен рөлін арттыру;
4. Әлеуметтік аз қамтылған, тұрмысы төмен отбасы балаларын: жетім, жартылай жетім, өгей әкесімен тұратын балалардың тұрмыстық жағдайын зерделеу;
5. Мектепте өзін жалғыз, ыңғайсыз сезінетін, тұйық оқушыларды ерекше назарда ұстау, психологиялық денсаулық пен оған зиян келтіретін факторларды анықтау, психологиялық жұмыс жүргізу. Білім беру ұйымында жағымды орта қалыптастыру;
6. Балалар мен жастар ортасындағы буллинг пен өзара келіспеушілік көріністерін анықтау, тиісті шаралар қолдану;
7. Білім беру ұйымында әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ету мақсатында байқаулар мен сайыстарға, тәрбиелік шараларға көптеп тарту. Өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беру;
8. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту;
9. Тәрбие ісінің орынбасары, әлеуметтік педагог, мектеп психологы сынып жетекшілермен бірлесе отырып, тәрбие жұмысын күшейту;
10. Сынып жетекшілердің курстардан өтуін жолға қою, іс-тәжірибелерін таратуды назарда ұстау;
11. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

Анықтама жазған:

директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.К. Қарабалина